


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке
дейінгі деңгейінің
А, А1 және А2 бөлімдері



bes
bible educational services
www.besweb.com

Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды.

Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірге қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары
А БӨЛІМІ	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елші. іст. 2:42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар – Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

A1 1-ші әңгіме
Құдай әлемді жаратты

	Біздің үйренетініміз: - Құдай әлемді жаратты. - Мәсіхшілер үшін Құдайдың жаратқан барлық нәрсесіне алғыс айту маңызды. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 1:1 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 1:1-19, 2:1-3 (1-ші деңгей)
Таныстыру	- Үйдің суретін көрсетіңіз немесе балалардан үйдің суретін салуды сұраңыз. - Балаларға үй туралы сұрақтар қойыңыз. Үй салу үшін қанша уақыт керек? Оны салу үшін не қажет? - Үй салу үшін көп материал қажет, бірақ Құдай әлемді жоқ нәрседен жарата алды. Киелі кітап бізге Құдайдың әлемді жаратуы үшін тек қана Сөз қажет болғанын айтады.
ҮЙРЕТУ	- Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты. Құдай әлемді жаратпай тұрғанда, оны тек қараңғылық басып тұрды. (Жарат. баст 1:1-3). - Егер үнемі қараңғы болып тұрса, онда қалай болар еді? (Терезенің пердесін жауып көрсетуге болады.) - Бірінші күні Құдай: «Жарық пайда болсын!» - деп бұйырды. Сол сәтте жарық пайда болды. Құдай жарықты күн, ал қара түнекті түн деп атады. Осы уақытқа дейін әлемді үнемі қараңғылық басып тұрған болса, енді қараңғы мен жарық ауысып тұратын болды. (Жарат.баст. 1:4-5). - Екінші күні Құдай тағы да сөйледі. Ол бүкіл жер шарын қоршап тұрған аспан мен ауаны жаратты. Кеш түсіп, екінші күн аяқталды (Жарат.баст. 1:6-8). Балалар терең дем алсын. Бізді қоршап тұрған ауаның қандай маңызды екенін түсіндіріңіз. - Осыған дейін жер бетін су басып жатты. Енді жерді жарататын уақыт келді. Құдай сөйлеп, жаңа жердің пайда болуына орын жасады. Жер бөлігінің айналасына жиналған сулар теңіздерге айналды. Содан кейін Құдай тағы да: «Жер жасыл өсімдіктер мен ағаштарды өсіріп шығарсын!» - деді. Құдай жасағандарына қарап, жақсы екенін көрді. Бұл үшінші күн еді. (Жарат.баст. 1:9-13). Балалардан жергілікті жерде өсетін бірнеше өсімдіктердің атауын сұраңыз. Өсімдіктердің түстері, пішіні мен көлемдерінің әр түрлілігі, олардың пайдасы мен әдемілігі жайында сөйлесіңіз. - Төртінші күні Құдай аспанда нұр шашатын ерекше шырақтарды – күнді күндізгі уақытқа, ал түнгі уақытқа ай мен жұлдыздарды жаратты. Құдай Өзі жаратқан шырақтарға қарап, олардың жақсы екенін көрді (Жарат.баст. 1:14-19). Адамзат үшін күннің қаншалықты қажет екені туралы сөйлесіңіз. Балалар аспанда қанша жұлдыз бар екені жайында ойлансын. - Бесінші күні Құдай құстар мен балықтардың мыңнан аса түрлерін жаратты. Өз тобыңыздың балалары білетін құстар мен балықтардың бірнеше түрі туралы әңгімелесіңіз. Құдай жасағандарына қарап, жақсы екенін көрді. (Жарат.баст. 1:20-23) - Алтыншы күні Құдай әр түрлі тіршілік иелерін жаратты, сонымен қатар, Өзінің жаратқандарының ішіндегі ең ерекшесі болып табылатын еркек пен әйелді жаратты. - Жетінші күні Құдай демалды. Сондықтан Ол барлық адамдардың осыны орындауына үлгі көрсетті. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай әлемді жаратты.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Жарат.баст.1:1 Керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Әуел баста әлем қандай болды? - Жарық нешінші күні пайда болды? - Екінші күні Құдай аспан мен ___ жаратты. - Әуел баста жер бетін не жауып тұрды? - Үшінші күні Құдай өсіп шығатын қандай екі нәрсені жаратты?

- Құдай күндіз бен түнге арналған қандай шырақтарды жаратты?
- Құдайдың аса ерекше етіп жаратқаны кім болды?

0-2 деңгей

A1 2- әңгіме

Құдай жануарларды және адамды жаратты

	Біздің үйренетініміз: • Киелі кітап бізге Құдайдың әр түрлі тіршілік иелерін жаратқаны туралы үйретеді. • Киелі кітап Құдай бізді жаратқандықтан, Оған ұнамды өмір сүруіміз керектігін үйретеді. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 1:31 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 1:20 – 2:3
ТАНЫСТЫРУ	• Балаларға өзіңіз істеген, бірақ дұрыс болмай қалған жағдайлар туралы бөлісіңіз. Мысалы, күйіп кеткен бөліш. Істеген нәрсеміз жоспарлағандай болып шықпаса, көңіліміздің қалатыны туралы сөйлесіңіз. • Балаларға Құдайдың әр түрлі нәрселерді жаратқаны жайлы және Оның ешқайсысынан көңілі қалмағанын түсіндіріңіз. Немесе балалар әр түрлі жануарларды қимылмен көрсетіп, бір-біріне жасырып, қандай жануар екенін тауып ойнайды.
ҮЙРЕТУ	• Балалармен бірге дүниежүзіндегі әр түрлі тіршілік иелері туралы ойлануға уақыт бөліңіз. Олардың қалай жаратылғанын және денесіндегі күрделі бөлшектер туралы әңгімелесіңіз. Мәсіхшілер үшін бұлардың бәрін жаратқан Құдайға, яғни, Қамқоршы Дизайнерге нұсқайды. • Жаратылыстың басталуы 1-тарау 25-ші аятты қайтадан оқыңыз және Құдай Өзінің жаратқандары туралы не сезінгені жөнінде оқушылардың есіне түсіріңіз. Өзің жасаған нәрсе туралы не сезінесің? Үй жануары туралы қожайыны не сезінеді? Ал Құдайдың Өзі жаратқандарына деген сүйіспеншілігі қаншалықты зор екенін ойлаңыз. • Құдай көптеген керемет нәрселерді жаратса да, Оның тағы бір нәрсені жасағысы келді және оны өте ерекше етіп жасады. • Балаларға бір уыс топырақты көрсетіңіз. Олар бұдан не жасай алатынын сұраңыз. Киелі кітап бізге Құдайдың топырақтан алғашқы адамды жаратқанын айтады. Құдай оған тіршілік лебін үрлегенде, ол тірі жан болып шыға келді. Құдай тек адамға ғана тіршілік лебін үрледі және адам ғана дұғада Құдаймен тілдесу үшін сөйлеу қабілетіне ие болды. Бұл қандай керемет! • Алғашқы адамның аты Адам ата еді (Жарат.баст. 1:26-31). Құдай Адам атаны жаратқан кезде үлгі ретінде Өз бейнесін (Өзінің қандай екенін) пайдаланғанын балаларға түсіндіріңіз. Мұның мағынасы Құдай адамды кейбір жағынан Өзіне ұқсас етіп жаратқанын білдіреді. Бұл біздің жануарлардан ерекше екенімізді көрсетеді. Сондай-ақ бұл ненің дұрыс, ненің қате екенін айыра білуге және Құдайдың соңынан еріп, Оның жолымен жүруді үйрене алатынымызды білдіреді. • Құдай әлем мен ондағының бәрін алты күнде жаратты. Ол бәрін жаратып біткеннен кейін, жасағандарына қарап: «Өте жақсы!» - деді. Жетінші күні Ол демалды. Өзінің жаратқандарына сүйсінді. (Жарат.баст. 2:1-3). Өмірдің алуан түрлі тіршілігінен қолымыз босамай кеткенде, неліктен бізге демалыс қажет екені туралы сөйлесіңіз. Қалай демалуға болатынын тізіп жазыңыздар. • Соңында Құдай жаратқан әлем ешбір мінсіз болғандығын және Ол Өзінің жаратқандарына толықтай риза болғандығын айтып аяқтаңыз. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай жануарларды және адамды жаратты. Сондай-ақ PowerPoint www.teachingideas.co.uk сайтында тегін PowerPoint бар.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Жарат.баст.1:31. Керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.

ЕСТЕ САҚТАУ	- Құдай Өзінің жаратқандары туралы қандай сезімде болды? - Құдай алтыншы күні жануарлармен қатар кімдерді жаратты? - Құдай барлығын жаратып болғаннан кейін не деді? - Алғашқы адам кім болды? - Оны жарату үшін Құдай нені пайдаланды? - Адам атаны жануарлардан не ерекшеледі? - Құдай әлемді қанша күнде жаратты? - Жетінші күні Құдай не істеді?
--------------------	---

0-2 деңгей

A1 3-әңгіме
Алғашқы еркек пен әйел

	Біздің үйренетініміз: - Құдайдың жаратқандарын қамқорлауға көмектесуі үшін Құдай Адам ата үшін әйелді жаратты. - Құдай адамдарды Өз бейнесіне ұқсас етіп жаратып, ерекше қасиеттер берді. Негізгі аят: Жарат.баст. 2:18 немесе Забур 24:1 Киелі кітаптан үзінді: Жарат.баст. 2:4-25
ТАНЫСТЫРУ	- Егер балалар бақша туралы жақсы білсе, олардан бақшада не өсетінін сұраңыз немесе жергілікті өсетін гүлдерді, жемістер мен жапырақтарды көрсетіңіз. Егер балалар бақшамен таныс болмаса, онда бақшаның адамдар жеміс өсіретін жер екенін қарапайым сөздермен түсіндіріңіз және ол қандай болатынын сипаттап беруге тырысыңыз. - Едем бағы өте тамаша жер болғанын, оны біз көз алдымызға елестете алмайтынымызды, не оның суретін де салып бере алмайтынымызды түсіндіріңіз. Едем бағы туралы сөйлесіңіз. Едем бағында өмір сүргің келер ме еді? Егер сол бақта өмір сүрсең, саған бәрінен не ұнар еді? Адам ата сол жерде өзін жалғыз сезінді ме? Қалай ойлайсыңдар?
ҮЙРЕТУ	- Адам ата Едем деп аталатын әдемі бақта өмір сүрді. Сол жерде Құдай Адам атаға қажеттерінің бәрін, тамақты да, суды да берді. Сондай-ақ, Құдай Адам атаның баққа қамқорлық жасауын бұйырды (Жарат.баст. 2:15). - Құдай жаратқан барлық тіршілік иелерін Адам атаға көрсетті. Адам ата олардың бәріне ат қойды (Жарат.баст. 2:19-20). - Адам атаның айналасында әдемі жануарлар, құстар, ағаштар мен өсімдіктер болды, бірақ Құдай онымен бірге бақта тұратын ерекше біреуді жаратпақшы болды. Құдай адамды терең ұйқыға батырып, ұйықтап жатқанда оның бір қабырғасынан алғашқы әйелді жасап шығарды. Адам ата енді жалғыз емес еді. Енді оның Хауа ана деп аталатын әйелі болды. Ол Адам атаға Құдайдың берген бағын күтіп-бағуға көмектесетін серігі болды (Жарат.баст. 2:20-24). - Құдай адамдарды Өзіне ұқсас етіп жаратты және Өзіне қызмет етулері үшін оларға ерекше қасиеттер/дарындар/таланттар берді. Балалар өздерінің ерекше жаратылғандары туралы ойлануы үшін уақыт беріңіз. Оларда қандай дарындар бар? Басқаларға көмектесу үшін олар осы дарындарын қалай дамыта алады? Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Алғашқы еркек пен әйел.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аяттар Жаратылыстың басталуы 2:31 немесе Забур 24:1. Осы аяттарды керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Адам ата қайда өмір сүрді? - Адам атаның бақтағы жұмысы қандай болды? - Жануарлардың аты қалай пайда болды? - Сөйлемді толықтыр: Құдай Адам атаға _____ жаратпақшы болды. - Адам атаның әйелін Құдай неден жаратты? - Адам атаның әйелінің есімі кім болды? - Адамзатты ерекше ететін не? - Құдай Өзінің жаратқаны туралы не сезінеді?

A1 4-әңгіме
Құдайдың жаратқан әлемі бұзылды

	Біздің үйренетініміз: - Адам ата мен Хауа ана Құдайға мойынсұнбай, Оның мінсіз жаратылысын бұзды. - Киелі кітап біздің де Құдайға мойынсұнбайтынымызды айтады. Біз өз күнәларымыз үшін өкініп, Құдайдан кешірім сұрауымыз қажет екенін үйретеді. Негізгі аят: Римдіктерге 5:12 немесе Римдіктерге 5:1 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 3:1-24
ТАНЫСТЫРУ	- Балаларға өте әдемі бір суретті көрсетіп, содан кейін оны шимайлап, жыртыңыз. - Талқылау. Суретпен не болды? - Бүгін Киелі кітаптағы әңгімеден біз Құдайдың мінсіз әлемді жаратқанын, бірақ кейін оның бұзылғаны туралы оқитынымызды түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	- Бақта өте көп ағаш болды. Құдай Адам ата мен Хауа анаға бақтағы күллі ағаштардың жемістерін жеуге болатынын, бірақ «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың» жемісін жеуге болмайтынын айтты. (Жарат.баст. 2:16-17). Балалардан үйде немесе мектепте қандай ережелер бар екенін сұраңыз. Бізге ережелер не үшін қажет? (Бізді қорғау үшін, біздің бақытты болуымыз үшін). Балалардың Адам ата мен Хауа ананың мойынсұнуы үшін берген Құдайдың ережесін түсінгендерін тексеріңіз. - Құдай әлемді жаратты және Оған билік етеді. Сондықтан адамдардың әлемде өздерін қалай ұстаулары керек екенін Құдай ғана шешетінін түсіндіріңіз. Киелі кітап біздің де Оның ережелеріне бағынуымыз қажет екенін айтады. - Әлем алғаш жаратылған кезде барлығы мінсіз болатын. Бірақ бір күні Құдайдың жауы шайтан жылан кейпіне еніп, бақшаға кірді. Жылан Хауа анаға «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың» жемісін жесе, Құдай сияқты ақылды болатынын айтты. (Жарат.баст. 3:1-5). - Хауа ана Құдайдың жауына құлақ асты. Содан кейін ол Құдайға бағынбай, ағаштың жемісінен алды. Оны Адам атаға да беріп, екеуі жемісті жеді. (Жарат.баст. 3:6). - Сол күні кешке Құдай Адам ата мен Хауа анамен сөйлескісі келді, бірақ олар Құдайға мойынсұнбағандарын біліп, Одан жасырынып қалды. (Жарат.баст. 3:7-8). Біреуді тыңдамаған кезің болды ма? Соңында не болды? Адам ата мен Хауа ана Құдайдан жасырына алмады. Киелі кітап біздің де Одан жасырына алмайтынымызды айтады. - Құдай: «Сен қайдасың?» - деп шақырды. Олардың Өзіне мойынсұнбағанын білді және оларды әлі жақсы көрсе де, мойынсұнбағандары үшін оларды жазалауы қажет болды. Құдай Адам ата мен Хауа ананы бақтан қуып жіберді. Олардың күнәсы Құдайдың жаратқандарын ластады және Құдаймен достықтарын бұзды. Адам ата мен Хауа ананың күнәсының кесірінен жер бетіне тікенектер мен ошағандар өсіп шықты. Жануарлар мен адамдар ауыра бастады, ал ең жаманы әлемге өлім кірді. (Жарат.баст. 3:9-24). - Киелі кітап егер біз күнә жасайтын болсақ, Құдайды ренжітетініміз жайлы айтады. Адамдар Құдайға ұнамайтын қандай қылықтар жасайтыны туралы бірге ойланып көріңіздер. Бірақ солай болса да, Құдай бізді өте қатты жақсы көреді. Бізді сүйетіні соншалық, Оның кешіріміне ие болуымыз үшін, Өзінің Ұлы Исаны айқыштағы өлімге қиғанын Киелі кітаптан оқимыз. Күнәларымыз үшін кешірім сұрап, Исаға сенім артсақ, Құдаймен достығымызды қалпына келтіреміз. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай жаратқан әлем бұзылды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аяттар Римдіктерге 5:12 немесе Римдіктерге 5:1. Осы аяттарды керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.

ЕСТЕ САҚТАУ	• Жемісті жеуге Хауа ананы не азғырды? • Шайтан Хауа ананы жемісті жеуге қалай көндірді? • Хауа ана жемісті кімге берді? • Құдай шақырған кезде Адам ата мен Хауа ана не істеді? • Адам ата мен Хауа ананың істегендеріне байланысты Құдай не сезінді? • Адам ата мен Хауа анаға не болды? • Біз күнә жасағанда, Құдай не сезінеді? • Кешірімге ие болу үшін біз не істеуіміз қажет? Киелі кітап бұл туралы не дейді?
-------------	--

0-2 ДЕҢГЕЙ

A2 1- әңгіме **Нұх Құдайға мойынсұнды**

	Біздің үйренетініміз: • Нұх пен оның жанұясы, жануарлар кеме ішінде аман қалды. • Киелі кітапта Құдайдың бізді күнәдан құтқару үшін Исаны жібергені айтылады. Негізгі аят: Елшілердің істері 16:31 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 6:5-22
ТАНЫСТЫРУ	• Балалардан қай жануарды ұнататындарын сұраңыз. • Егер сол жануарлардың барлығы бір жерде болса, қалай болар еді? Сол туралы талқылаңыздар. Олар қандай орынға сыяр еді? Ол жерден қандай дыбыстар шығар еді? Сол жердің иісі қандай болар еді? • Бірнеше адамдар мен көптеген жануарлардың барлығы үлкен бір кеменің ішінде бірге болғаны жайында Киелі кітаптан үйренетіндерін түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	• Құдай алғаш әлемді жаратқан кезде, барлығы жақсы әрі әдемі болатын. Көп ұзамай Адам ата мен Хауа ана Оған мойынсұнбады. Олардың балалары өзімшіл және зұлым адамдарға айналды. Құдай оларды жаратқанына өкінді (Жарат.баст. 6:5-6). • Бүкіл әлем күнәға батты. Бірақ Құдайға ұнамды тек бір ғана адам болды. Оның аты Нұх болатын. Бұл адам әйелімен, үш баласымен және келіндерімен бірге Құдайдың қалағанын орындауға тырысты. Ал айналасындағы басқа жанұялар өздері қалағандай өмір сүріп, Құдайды мүлдем ұмытты. (Жарат.баст. 6:8-10). • Әлемнің зұлымдыққа толғаны соншалық, Құдай оны жазалауға шешім қабылдады. Ол Нұхқа сандық тәрізді кеме тұрғызуын бұйырды. Кеме дайын болған кезде, Құдай жер бетіне ғаламат топан су жібермек болды. Барлық тіршілік иелері құрып, жалғыз Нұх пен оның жанұясы кеменің ішінде аман қалмақ (Жарат.баст. 6:13-18). • Нұх барлығын да Құдайдың өзіне бұйырғанындай жасады. Кеме деп аталатын үлкен сандықты жасауға шамамен 100 жылдай уақыт кетті. Оның көлемі футбол алаңындай үлкен әрі үш қабатты үй сияқты биік болғанын айтыңыз. Сөйтіп, ұзақ еңбектен кейін кеме де салынып бітті (Жарат.баст. 6:22). • Құдай Нұхқа жануарлар мен құстардың әрбір түрін кемеге кіргізуді бұйырды. Кіріспе бөлімінде балалардың өздері атаған жануарларды еске түсіріңіз. Бұл жануарлар Нұхтың жанұясымен бірге аман қалды. Балалармен бірге кемеге кірген Нұхтың жанұясының сегіз мүшесін санаңыз. Барлығы кемеге кіргенде, Құдай есікті жапты. Құдайдың оларды аман алып қалу жоспары басталды. (Жарат.баст. 7:13-16). • Киелі кітап біздің де көп жаман істер жасағанымыз туралы айтады. Біз күнәмызға лайықты жазадан құтқарылуға мұқтажбыз. Ізгі хабардың өзі Құдайдың Ұлы Исаға сенім артқанда, Құдайдың бізге деген құтқарылу жолының бар екенін білдіреді. Ол Құдайдың бізге берген құтқарылу кемесі іспетті. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Нұх Құдайға мойынсұнды.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят Елшілердің істері 16:31 . Осы аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	• Әлемде қандай мәселе болды? • Құдай қандай шешім қабылдады?

- Құдайдың ризашылығына кім ие болды?
- Құдай Нұхқа нені жасауды бұйырды?
- Кемеге кімдер/нелер кірді?
- Кеменің есігін кім жапты?
- Кеменің ішіндегі адамдар неліктен аман қалды?
- Киелі кітапта біздің күнәмыздың жазасын өтеу үшін Құдай Кімді жіберді деп айтады?

0-2 деңгей

A2 2-әңгіме
Кемеде қауіпсіз жерде

Біздің үйренетініміз:

- Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнғандықтан, Нұх пен оның жанұясы аман қалды.
- Егер де біз Оған сенім артсақ, Құдай бізді де аман сақтайтынын уәде етеді.

Негізгі аят: Нақыл сөздер 29:25

Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 7:1-16

ТАНЫСТЫРУ

- Балалардан өздері салған немесе жасаған нәрселері туралы сұраңыз. Оны неден жасадың? Оны жасау қиын болды ма? Саған біреу көмектесті ме?
- Өткен тақырыпты қайталаңыз. Нұх кемені неден жасады? Кемені жасау қиын болды деп ойлайсың ба? Ол кемені неліктен жасады?
- Бұл жұмыс өте қиын болса да, Нұх кемені Құдай айтқандықтан жасағанын ескертіп айтыңыз. Ол барлығын да Құдай өзіне бұйырғанындай істеді.

ҮЙРЕТУ

- Нұх пен оның жанұясы кеменің ішінде қауіпсіздікте болды (**Жарат.баст. 7:6-7**).
- Жеті күннен кейін жаңбыр жауа бастады. Күн сайын жаңбыр жауа берді, жауа берді. Барлық шөптер мен гүлдер судың астында қалды. Өзендер мен теңіздер ернеуінен асып, топан суға айналды (**Жарат.баст. 7:17-20**).
- Кеменің сыртында қалған адамдарға енді тым кеш болғанын түсіндіріңіз. Олар Құдайдың ережесіне бағынбай, күнәкар өмір сүруді таңдаған болатын.
- Су жоғары көтеріле берді. Үйлер, ағаштар, тіпті, ең биік тауларға шейін судың астында қалды. (**Жарат.баст. 7:20 -21**). Нұх пен оның жанұясы кеменің ішінде отырып, не сезінгендерін көз алдарыңа елестетіп көріңдерші. Егер Нұх Құдайға мойынсұнбағанда не болар еді?
- Кемедегі Нұх, оның жанұясы мен барлық жануарлар қауіпсіздікте болды. Себебі Нұх Құдайға сеніп, Оған мойынсұнды. Ал Құдай олардың бәрін қорғап қалды. (**Жарат.баст. 7:23**).
- Нұх сияқты біз де Құдайға сеніп, Оған мойынсұнсақ, Киелі кітап Құдайдың бізді де қорғауға уәде бергенін айтады. Жер бетінде қиын «дауылдарға» тап болсақ та, Құдай бізді ешқашан қалдырмайтынын, бізді көктегі үйімізге аман-есен алып келетінін уәде етеді.

Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз.

Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кеменің ішінде қауіпсіздікте Сондай-ақ, www.bibleforchildren.org сайтында тегін Power Point бар.

ҮЙРЕНУ

Негізгі аят **Нақыл сөздер 29:25**. Керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.

ЕСТЕ САҚТАУ

- Нұх Құдайға сенетінін қалай көрсетті?
- Нұхпен бірге кемеге кімдер/нелер кірді?
- Жаңбыр басталғанға дейін олар кемеге қанша күн болды?
- Су қаншалықты жоғары көтерілді?
- Кімдер қауіпсіздікте болды?
- Неліктен Нұх аман қалды?
- Егер біз сенім артсақ, Кім бізді аман сақтайды?

0-2 деңгей

A2 3-ші әңгіме

Жаңа бастама

	Біздің үйренетініміз: • Құдай Нұх пен оның жанұясына өмір сүрсін деп жаңа, таза әлемді берді. • Егер Құдайдан кешірім сұрасақ, Ол біздің өмірімізді жаңартып, тазалай алатынын Киелі кітап айтады. Негізгі аят: 2 Қорынттықтар 5:17 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 8:1-19
ТАНЫСТЫРУ	• Нұх пен оның жанұясына кемеге ұзақ (бір жылдан аса) уақыт болуларына тура келгенін айтыңыз. • Кеменің ішінде болу қандай екені туралы балалардың ойлануына мүмкіндік беріңіз. Күні бойы не істер едің? Қандай сезімде болар едің?
ҮЙРЕТУ	• 40 күн ұзақ уақыттан кейін жаңбыр ақыры тоқтады. Алайда таулар көрінбеді, оларды топан су әлі де басып тұрды (Жарат.баст. 8:1-4). • Бір күні Нұх судың тартылғанын білу үшін кемеден бір қара қарғаны ұшырып жібереді, бірақ қарға келіп-кетіп жүрді. Содан кейін Нұх бір көгершінді сыртқа ұшырып жіберді, бірақ ол кемеге тез қайта оралды. Бір апта өткеннен кейін тағы да сол көгершінді ұшырып жіберді. Ол зәйтүн ағашының бір жапырағын тұмсығына қыстырып ала келді. Бұл дегеніміз ағаштардың басы судан көрінді дегенді білдіретінін түсіндіріңіз. (Жарат.баст. 8:6-11). • Тағы жеті күннен кейін Нұх бір көгершінді ұшырып жіберді. Бұл жолы көгершін қайта оралмады. Нұх судың тартылғанын және көгершіннің жаңа үй тапқанын түсінді. Ақырында, кеме Арарат деп аталатын биік таудың үстіне тоқтады. (Жарат.баст. 8:12). • Жер қайтадан құрғаған кезде, Құдай Нұхқа кемедегі жануарлармен бірге сыртқа шығуын бұйырды. Бәрі үшін бұл қандай керемет жаңалық болды! Олар кемеге ұзақ уақыт бойы қамалып отырды ғой! Кемеден шығатын кезде Нұх пен оның жанұясы не сезінді деп ойлайсыңдар? Балалармен бірге жаңа әлемнің қандай болатынын зерттеңіздер. (Жарат.баст. 8:15-19) • Нұх пен оның жанұясының мекендеуіне жаңа, таза әлем берілді. Киелі кітап біздің өміріміздегі дұрыс емес нәрселерді Құдай алып тастап, жаңа, таза жүрек бере алатыны туралы айтады. Біз Құдайдан кешірім сұрап, айқыш ағашта өлген және бізге тиісті жазаны Өзіне алған Исаға сенуіміз керек. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Жаңа бастама. Сондай-ақ, www.bibleforchildren.org сайтында тегін Power Point бар.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аят 2 Қорынттықтарға 5:17. Керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.

ЕСТЕ САҚТАУ

- Нұх бірінші рет кемеден қандай құсты ұшырды?
- Көгершінді екінші рет ұшырғанда, тұмсығына нені қыстырып әкелді?
- Кеме қай жерге тоқтады?
- Нұхтың кемеден шығуына Кім бұйырды?
- Топан судан кім құтқарылды?
- Киелі кітап біздің күнәмыз үшін Кімнің жазаланғанын айтады?
- Киелі кітап біздің жүрегіміздің таза болуы үшін не істеуге үйретеді?
- Сөйлемді аяқта: “Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол жаңадан _____.”

0-2 деңгей

A2 4-ші әңгіме **Құдайдың уәдесі**

Біздің үйренетініміз:

- Киелі кітап Құдайдың әрдайым Өз уәдесінде тұратынын бізге үйретеді.
- Нұх пен оның жанұясына қамқорлық жасағанындай, біз Оған сенім артып, Оның соңынан еретін болсақ, Ол бізді де ешқашан тастамайтыны жайында уәде етті.

Негізгі аят: Еврейлерге 13:5

Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 8:20-22 және 9:8-17

ТАНЫСТЫРУ

- Біреудің саған уәде бергені туралы ойланып, мысал келтір.
- Өзіне біреудің уәде бергені туралы жанында отырған баламен бөлісуге мүмкіндік беріңіз.
- Біреудің уәде беріп, берген уәдесін орындамаған кезі болды ма? Бұл жайында балалардан сұраңыз.
- Киелі кітапта Құдайдың уәделері өте көп екенін және Құдай Өзінің берген уәдесін ешқашан бұзбайтынына мәсіхшілердің сенетінін түсіндіріңіз.
- Киелі кітап егер де біз Құдайға сенім артып, Оның соңынан еруді таңдайтын болсақ, Ол бізді ешқашан тастамауға уәде беретіні туралы айтады.

ҮЙРЕТУ

- Нұх пен оның жанұясы ақыры аман қалды. Олар кемеді ұзақ уақыт болды. Енді Құдай Нұхқа, оның жанұясына және барлық жануарларға кемеден сыртқа шығуға болатынын айтты (**Жарат.баст. 8:15-19**).
- Нұхтың ең алдымен Құдайға өзін және жанұясын топан судан құтқарғанына алғыс айтқысы келді. Ол үлкен тастарды жинап, оларды бірінің үстіне бірін қойып, құрбандық ұсынатын орын жасады. Нұхтың заманында адамдар Құдайдың жасағандарына алғыс айту үшін құрбандық ұсынатын орын тұрғызатын (**Жарат.баст. 8:20-21**). Ал бүгін Құдайға алғыс айту үшін адамдар не істейді? Тізім жасаңыздар.
- Құдай Нұх пен оның жанұясының алғыс айтуды ұмытпағанына өте риза болды. Содан кейін Құдай оларға: “...жерді бүлдіретін топан су ешқашан қайтып болмайды”, -деп, тамаша бір уәде берді. (**Жарат.баст. 8:21-22**)
- Содан кейін Құдай оларға Өзінің уәдесін еске түсіретін бір нәрсені көрсетті. Бұл кемпірқосақ болатын. Нұх пен оның жанұясы кемпірқосақты көрген сайын Құдайдың уәдесін еске түсірді (**Жарат.баст. 9:12-13**). Кемпірқосақ пен оның әдемі түстері туралы сөйлесіңіз. Келесі жолы балалар кемпірқосақты көргенде, Құдай туралы және Оның берген уәдесі туралы ойлануларына жігер беріңіз.
- Құдай Нұхқа берген уәдесін орындады ма? Біз Құдайға сенім артсақ, Құдайдың: «Мен сені ешқашан тастап кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», - деген Өз уәдесін әлі де орындайтынын Киелі кітап үйретеді. (2-ші негізгі аятты қараңыз)

Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз.

Көрсетіңіз: А Қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайдың уәдесі Сондай-ақ, www.bibleforchildren.org сайтында тегін Power Point бар.

ҮЙРЕНУ

Негізгі аят **Еврейлерге 13:5**. Керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.

ЕСТЕ САҚТАУ

- Балалардың әңгімені қаншалықты есте сақтағанын білу үшін, Нұх туралы өткен сабақтардан сұрақтар таңдаңыз.
- Нұх туралы әңгімелерді оқыған кезде балалар үйренген негізгі аяттарды қайталаңыз.
- Балалар өздеріне ұнаған әңгімеге сурет сала алады немесе не үйренгендері туралы жаза алады.
- Кемеден шығып келе жатқан адамдар мен жануарлар, құрбандық орны мен кемпірқосақ туралы балалармен бірге коллаж жасауға болады.

3-4 деңгей

A1. 3- ДЕҢГЕЙ

1- сабақ. Әуел баста

Тақырып: Құдайдың әлемді жаратуы

A1. 4- ДЕҢГЕЙ

1-талдау. Жаратылыс

Тақырып: Әуел баста

Киелі кітаптың басты назар аударатыны:
Жаратылыстың басталуы 1:1-23

Негізгі аят: Жарат.баст. 1:1

Біздің үйренетініміз:

1. Киелі кітап Құдайдың әлемді және әлемдегінің барлығын жаратқанын айтады.
2. Киелі кітап Құдайдың әрбір адамды жаратқанын және оны білетінін, қатты сүйетінін айтады.

Киелі кітаптың басты назар аударатыны:
Жаратылыстың басталуы 1:1-31

Негізгі аят: Евр. 1:10, Ишая 45:18

Біздің үйренетініміз:

1. Мәсіхшілер Құдайдың әлемді жаратқанына сенеді.
2. Киелі кітап Құдайдың адамды Өзіне ұқсас етіп жаратқанын айтады.

ТАНЫСТЫРУ

Балалардың келесі сұрақтарға жауап жазуын сұраңыз. Шамамен жауап беруге де болады. Кейін жауаптарын жанында отырған баламен бөлісе алады.

1. Аспан әлемінде қанша жұлдыз бар?
2. Дүние жүзінде қанша адам бар?

Бірнеше минуттан кейін жауабын айтыңыз:

- Біздің галактикада, яғни, Құс жолында ғана 100 миллиард жұлдыз бар деп есептеледі. Басқа галактикалардың өзі миллионнан асады. Өте көп сансыз жұлдыз бар!
- Қазіргі есеп бойынша әлемде, шамамен, адам саны 7 миллиардқа жетеді.

Алдымен екі-екіден, содан кейін топ болып келесі сұрақтарды талқылаңыздар:

1. Соңғы рет қашан шығармашылықпен айналыстыңыз?
2. Нәтижесі өзіңізге ұнады ма?
3. Кейбір ғалымдар әлемнің «Үлкен жарылыс теориясынан» басталғанына сенеді. Мұны бірге талқылаңыздар. Әлем жарылыстан пайда болуы мүмкін деп ойлайсың ба?

АЯҚТАУ

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз

Талқылаңыз және түсіндіріңіз:

1. Киелі кітап бізге әлем жаратылмай тұрып, Құдайдың бар болғанын айтады.
2. Құдай әлемді алты күнде жаратты.
3. Қорытынды: 1-ші күні Құдай жарықты жаратты және оны түнектен бөлді; 2-ші күні Құдай аспанды жаратып, оны астындағы судан бөлді; 3-ші күні Құдай суды бір жерге жинап, құрлықты «жер» деп атады. Жер көкөністер мен өсімдіктерді өсіріп шығарды. 4-ші күні Құдай аспан шырақтары күн, ай мен жұлдыздарды орналастырды; 5-ші күні Құдай су жәндіктері мен құстарды жаратты.
4. Бүгінгі Киелі кітап сабағының жаттығулары 5-ші күнмен аяқталады. 6-шы, 7-ші күндер төменде қысқаша қорытындыланған. Олар туралы көбірек келесі сабақта қарастыратындарыңызды айтыңыз.
4. 6-шы күні Құдай жануарларды жаратты. Содан кейін Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты. Олар жер бетіне билік жүргізуін, оны толтыруын бұйырды. Құдай Өзінің жаратқандарына қарап, өте жақсы екенін ойлады. Құдай 7-ші күні демалды.

Негізгі аятты түсіндіріңіз және балалардың оны жаттап алуларына жігер беріңіз.

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз

Талқылаңыз және түсіндіріңіз:

1. Киелі кітап бізге Құдайдың әлемді алты күнде жаратқанын айтады.
2. Қорытынды:
1-ші күн: күн мен түн
2-ші күн: аспан
3-ші күн: жер мен өсімдіктер
4-ші күн: күн, ай мен жұлдыздыр
5-ші күн: теңіз жәндіктері мен құстар
6-шы күн: жануарлар мен адамдар
7-ші күн: Құдай демалды
3. Киелі кітап бізге Құдайдың құдіретінің керемет екенін үйретеді: Ол әлемді сөзбен алты-ақ күнде жаратты!
4. Құдай адамдарды Өзіне ұқсас етіп, бірін - еркек, бірін - әйел қылып жаратты.
5. Құдай Өзінің жаратқандарына қарағанда, «өте жақсы» деп қорытынды жасады.

Негізгі аятты түсіндіріңіз және балалардың оны жаттап алуларына жігер беріңіз.

1-талдауды аяқтаңыз.

Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Әуел баста.

	1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайдың әлемді жаратуы.	
ҚАЙТАЛАУ	4 баладан топқа бөлініп, жаратылыс туралы әңгімені көрсететін суреттерден коллаж жасау.	Осы сабақтан Құдайдың мінезі туралы не үйрендің? Қысқаша өлең немесе ойтолғау жазу.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Оның жаратқандары өте керемет еді. Құдай біздің әрқайсымызды да жаратты және бізді білетінін, сүйетінін бізге Киелі кітап үйретеді. Бұл тұжырым біздің Құдайға және Оның жаратқандарына деген қарым-қатынасымызға қалай әсер етуі керек?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Егер Киелі кітаптың (Құдай біздің әлемді және бізді жаратты) айтқанына сенетін болсақ, бұл біздің өмірімізге қандай өзгеріс әкелуі керек? 2. Жаратылыстың басталуы 1:26-27 және Ишая 45:18 оқыңыз. Құдайдың адамдарға деген аян - мақсаты қандай еді? Бұл біздің бүгінгі өмір сүру салтымызға қалай әсер етуі тиіс?

3-4 деңгей	A1. 3- ДЕҢГЕЙ 2- сабақ. Өуел баста Тақырып: Құдай еркек пен әйелді жаратты	A1. 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Жаратылыс Тақырып: Құдай әлемді жаратуын аяқтады
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 1:20-31 Негізгі аят: Жарат.баст. 1:27 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап бізге Құдайдың жануарларды жаратқанын, ал адамдарды жануарлардан ерекше жаратқанын үйретеді. 2. Құдай адамдарды Өзіне ұқсас болып, жаратылғандарға билік ету үшін жаратты. 3. Құдай адамдарды Өзімен әрі бір-бірімен қарым-қатынаста тұру үшін жаратты. 4. Құдай адамдарға жауапкершілік берді.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 1:27-31; 2:1-9 Негізгі аят: Жохан 1:1-3 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай жетінші күні демалды. 2. Құдай демалыс күнін демалу үшін жаратты. 3. Киелі кітап адамзатқа өмір берген Құдай екенін айтады. Сол себепті адамның өмірі ерекше құнды.
ТАНЫСТЫРУ	Жануарлардың суретін салып ойнау. Балаларды төрттен топқа бөліп, әр топқа қағаз бен маркер беріңіз. Әр топтан бір бала қандай да бір жануардың суретін салады, ал басқалары оның қай жануар екенін табуы керек.	Қозғалыс дебаты. Бөлмені 3 станцияға бөліп, оларды «Келісемін», «Келіспеймін» және «Сенімсізбін» деген ат қойып, белгілеңіз. Төмендегі мәлімдемелерді оқып, әр мәлімдемеге байланысты балалардың ойы қай станциямен сәйкес болса, сол жерде тұруын сұраңыз. • Демалыс күні ерекше күн деген идея бүгін маңызды деп саналмайды. • Жексенбі - қалып қойған үй жұмысын орындайтын, дүкенге баратын тамаша күн. • Жексенбіде спортпен айналысуға тыйым салу керек. • Эмбриондарға медициналық зерттеу жасауға болады. • Мәсіхшілер соғысқа қатыспауы керек.

АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: Киелі кітап былай дейді: 1. Құдай жануарларды өсіп-өніп, көбеюі үшін деп жаратты. 2. Құдай адамзатты Өзіне ұқсас етіп, балықтарға, құстарға және жануарларға билік етуі үшін жаратты. 3. Құдай адамдарды бірін - еркек, бірін - әйел қылып жаратты. 4. Құдай адамдарға оң батасын беріп, оларға ерекше жұмыс пен жауапкершілікті жүктеді (олар өсіп-өніп көбейіп, жер бетін толтырып, оны өздеріне бағындырып, Құдайдың жаратқандарына билік етулері тиіс болатын). 5. Құдай барлық адамзаттың өмір сүруіне қажетті тамақпен қамтамасыз етті. 6. Құдай Өзінің жаратқандарының бәріне риза болды. Ол: «Өте жақсы!» - деді. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай адамды жаратты.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Киелі кітап әлем жаратылмай тұрып, әуел баста Құдайдың бар болғанын бізге айтады. Сөз (Иса) Құдай еді және әуел баста Құдаймен бірге болатын. Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған. Құдай - Жаратушы және Ол - бәрінің Басы. 2. Құдай адамдарды Едем бағына орналастырды. 3. Сондай-ақ, Құдай Едем бағына екі ерекше ағашты да орнатты: «мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаш» пен «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш». 4. Құдай жетінші күні демалды және адамдар үшін ерекше демалыс күнін жаратты. 5. Құдай адамдарға өмір лебін үрледі. Бұл - адамдардың жануарлардан айырмашылығының белгісі. Адамның өмірі ерекше құндылыққа ие. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай әлемді жаратуын аяқтады.
ҚАЙТАЛАУ	Кіші топқа бөлініп талқылаңыз, содан кейін бүкіл топқа кері байланыс жасаңыз: Құдай адамдарды Өзіне ұқсас етіп, балықтарға, құстарға және жануарларға билік етуі үшін жаратты. Бұл іс жүзінде нені білдіреді?	Кіші топқа бөлініп талқылаңыз, содан кейін бүкіл топқа кері байланыс жасаңыз: Біз адамның өмірі ерекше құндылыққа ие екенін оқыдық. Бұл ғылым, медицина, заң және қарттарды қамқорлау сияқты мәселелердің шешіміне қалай әсер етуі керек? Мысырдан шығу 20:8 және Марқа 2:27 оқыңыз. Бұл аяттардың бүгін адамдарға қандай қатысы бар?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Бұл сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Киелі кітапта Құдай адамзатты Өзімен және басқалармен қарым-қатынас жасауы үшін жаратқаны айтылады. Олай болса, мәсіхшілер Құдайға және маңайындағыларға үйде, мектепте, қауымда қалай сүйіспеншілік көрсете алады?	Бұл сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Неліктен мәсіхші демалу туралы идеяға салмақты түрде қарауы қажет? Демалудың біздің тәнімізге, эмоциямызға және рухани жағынан қандай пайдасы бар екенін ойлап көр.
3-4 деңгей	A1. 3-деңгей 3- сабақ. Әуел баста Тақырып: Бәрі бүлінді!	A1 —4-деңгей 3-талдау. Жаратылыс Тақырып: Әлемге күнә кірді
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 2:15-17; Жаратылыстың басталуы 3:1-24 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 3:3 Біздің үйренетініміз: 1. Адам ата мен Хауа ана Құдайға мойынсұнбады. Киелі кітап мұны күнә деп атайды. 2. Адам ата мен Хауа ана бұрын білмеген ұятты сезініп, өздерінің теріс әрекеттерінің салдарымен бетпе-бет кездесті.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 2:14-19; 3:1-7 Негізгі аяттар: Рим. 3:23; Рим. 6:23 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Адам ата мен Хауа анаға «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың» жемісін жемеуді бұйырды. 2. Жылан Хауа ананы алдады. 3. Адам ата мен Хауа ана Құдайдың бұйрығын бұзып, ұятқа қалды.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан мектепте қандай ережелер бар екенін сұраңыз. Олар неліктен маңызды? Егер адамдар оларды елемесе не болар еді?	Балалардан төмендегі мәліметті жұппен талқылауларын сұраңыз: Олардың мектептегі/жұмыстағы/үйдегі жауапкершіліктері. Олар орындауға міндетті ережелер немесе нұсқаулар. Бұл ережелер еленбесе немесе бұзылса не болар еді?

АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Құдай Адам атаны Едем бағына орналастырды және оны күтіп-бағу жұмысын тапсырды. Құдай оған қажетінің бәрін қамтамасыз етті, бірақ ол мойынсұнуға тиісті бір ереже бар болатын. Оған «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың» жемісінен жеуге тыйым салынған еді. Құдай одан жесе, сол күні өлетінін ескертті. - Адам атаға жануарлар мен құстарға ат қою тапсырылды. - Құдай әйелді (Хауа ананы) Адам атаға берілген жауапкершіліктерді орындауға көмектесу үшін жаратты. Мәсіхшілер еркек пен әйел некелескенде, жаңа жанұя құрып, топ болып бірге жұмыс істейтініне сенеді. - Құдайдың жауы айлакер жылан Құдайдың бұйрығына күмән туғызды. Ол Адам ата мен Хауа анаға Құдайдың ережесін бұзса, өлмейтіндерін айтты. Жылан әйелді алдады. Әйел Құдайдың жеме деген жемісінен жеді. Оны еркекке де беріп, ол да жеді. - Еркек пен әйел осыны істегенде, олар бақытсыздыққа ұшырады. Олар өздерінің жалаңаштығын жабу үшін інжір ағашының жапырақтарын біріктіре тігіп, киім жасап, ағаштардың арасына жасырынып қалды. Құдай оларды шақырғанда, өздерінің не істегендерін Оған айтып берді. Сонда Адам ата Хауа ананы кінәласа, Хауа ана жыланды кінәлады. - Құдай жыланды қарғады. Адам ата мен Хауа ана күнәларының зардабын шегулері тиіс болды. Олар ауыртпалық сезініп, азап шегіп, көп жұмыс істеулері керек болды. Өмір қиындады және бір күні олар өлетін болды. - Құдай Адам ата мен Хауа анаға жануарлардың терісінен киімдер жасап берді және оларды «мәңгілік өмір сыйлайтын ағаштан» аулақ болсын деп, Едем бағынан қуып жіберді. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Бәрі бүлінді!	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Құдай Адам атаға бақты күтіп-бағу мен құстарға, жануарларға ат қою жауапкершілігін берді. - Құдай Адам ата мен Хауа анаға бақтағы барлық ағаштың жемісін жеуге, алайда «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың» жемісінен жеуге болмайтынын айтты. Құдай олардың сол ағаштың жемісін жесе, міндетті түрде өлетінін ескертті. - Құдай адамға әйелді көмекші болу үшін жаратты. Олар бірге жұмыс істеулері тиіс еді. Еркек пен әйел некеде жаңа отбасын құрып, топ болып бірге жұмыс істейді. - Айлакер жылан Хауа ананы алдады. Ол Құдайға бағынбай, тыйым салынған жемісті жеп, оны Адам атаға да берді. Адам ата да жемісті жеп, Құдайдың айтқанына бағынбады. Адам ата мен Хауа ана жемісті жеп, Құдайдың кемелді стандартына қол жеткізе алмады. - Адам ата мен Хауа ана Құдайға бағынбағандарын біліп, бұрын білмеген ұятты сезінді. Енді олар өздері қабылдаған теріс шешімнің нәтижесін көруі тиіс еді. - Олар Құдайдың жазасына ұшырады. - Киелі кітап күнәларымыз үшін Құдайдың жазасына біздің де лайық екенімізді еске түсіреді. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Өлемге күнә кірді.
ҚАЙТАЛУ	Сабақты Рим. 5:12 байланыстырыңыз. Адам ата мен Хауа ана мойынсұнбағандықтан, біз бәріміз күнәкар болып туылдық. Балалардан бүгінгі күні Құдайдың бұйрықтарына мойынсұнбаудың мысалдары туралы ойлануын сұраңыз. Бұл 1) бізге және 2) басқа адамдарға қалай әсер етеді?	Адам ата мен Хауа ананың мойынсұнбауларының салдары қандай болды? Римдіктерге 5:12-14 және 18-19 оқыңыз. Адамдар әділдікке қалай ие бола алады?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Кейбір адамдар Адам атаның күнәсына бола бүкіл адамзаттың кінәлі болғаны әділетсіздік деп ойлайды. Мәсіхшілер осыған қалай жауап беруі керек?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. - Мәсіхшілердің Құдайға мойынсұнуы нәліктен маңызды? Бұл мойынсұну қорқынышқа негізделу керек пе? - Мәсіхші Құдаймен қарым-қатынасының шынайылығын қалай көрсете алады?

3-4 Деңгей	A1. 3-ДЕНГЕЙ 4-Сабақ. Әуел баста Тақырып: Құдайдың қалаған жолымен әрекет ету	A1. 4-ДЕНГЕЙ 4-талдау. Жаратылыс Тақырып: Күнәнің салдары
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 4:1-16 Негізгі аят: Жохан 14:6 Біздің үйренетініміз: 1. Әбіл Құдайдың жолымен, ал Қабыл өз жолымен жүрді. Құдай Әбілдің құрбандығын қабылдап, Қабылдікін қабылдамады. 2. Қабыл Әбілді өлтірді. Құдай оны егіндік жерден қуып жіберіп, тұрағы жоқ кезбеге айналдырды. Қабыл Құдайдың көз алдынан кетті. 3. Киелі кітап Құдайға апаратын бір ғана жол бар екенін және бұл тек Құдайдың Өзінің жолы екенін үйретеді.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 3:7-24 Негізгі аят: 1 Қорынттықтарға 15:22; Римдіктерге 6:23 Біздің үйренетініміз: 1. Адам ата мен Хауа ана Құдайдан жасырынуға тырысты. 2. Құдай алдамшы жыланды қарғады. 3. Құдай Адам ата мен Хауа анаға жасаған күнәларының салдарынан қиыншылыққа ұшырайтындарын айтты. 4. Құдай Адам ата мен Хауа ананың жалаңаштығын жабу үшін киім жасап, оларды киіндірді. 5. Құдай Адам ата мен Хауа ананы Едем бағынан қуып жіберді.
ТАНЫСТЫРУ	Егер картаға немесе бағыт белгілеріне қарамай жолға шықсаң не болады? Бағыт- бағдарды елемей, адасып кеткен кезің болды ма? Қабыл Құдайдың нұсқауларын елемей, ақырында тұрағы жоқ кезбеге айналды.	Балалардан мектепте немесе үйде тіл алмаған кездері туралы ойлануға мүмкіндік беріңіз. Сол кезде олар өздерін қалай сезінді?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Адам ата мен Хауа ананың екі ұлы болды. Әбіл - мал бағушы, ал Қабыл егінші болды. 2. Құдай Әбілдің құрбандығын қабылдады. Ол малының ең жақсы алғашқы төлдерін құрбандыққа шалды. Ал Қабыл жерден жинап алған өнімінен тарту ұсынды. Құдай Қабылдың құрбандығын қабылдамады. Бұған Қабыл қатты ашуланды. 3. Құдай Қабылға күнә туралы және Құдайдың дұрыс жолымен жүрудің маңыздылығы туралы ескертті. Қабыл кешірім сұрамады және Құдайдың тілін алмады. 4. Қабыл өзінің інісі Әбілді өлтірді. Құдай оны егіндік жерден қуып жіберді. Ол Құдайдың көз алдынан кетіп, тұрағы жоқ кезбеге айналды. 5. Әбіл Құдайға құрбандыққа тоқтыны шалуы керек екенін түсінді. Қабыл Құдайдың алдына Оның жолымен келмеді. Сол себепті жазаға ілікті. 6. Әбілдің құрбандығы Исаның айқыштағы құрбандығының бейнесі болатын. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдай қалаған жолмен жасау	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Адам ата мен Хауа ананың бағынбауының нәтижесінде олар жақсылық пен жамандықты жаңаша түсінді және өздерінің жалаңаш екенін білді. Олар қорқынышты сезінді және Құдайдан жасырынғылары келді. 2. Құдай Адам ата мен Хауа анаға сұрақтар қойды. Құдай олардың жасаған күнәлары үшін жауап берулерін қалады. Алайда, мұның орнына олар екеуі де басқаларды кінәлады. Адам ата Хауа ананы кінәласа, Хауа ана жыланды кінәлады. 3. Адам ата мен Хауа ана өздерінің мойынсұнбағандарының нәтижесін көрді: олар ауыртпалық сезінді, өмірде азап шекті және Құдайдың көз алдынан Едем бағынан қуылды. 4. Киелі кітап біздің де күнәның зардабын шегетініміз жайлы айтады. Адам ата күнә жасады. Біз де Адам атадан тарағандықтан, күнәнің кесірінен өлетін боламыз. 5. Құдай Адам ата мен Хауа ананың жалаңаштығын жабу үшін хайуандардың терісінен киім тігіп берді. Өзіне бағынбағандарына қарамастан, Құдай олардың қажетін рақымдылықпен қамтамасыз етті. Римдіктерге 6-тарау, 23-аятта Құдайдың рақымдылықпен Құтқарушыны бүкіл адамзатқа бергенін айтады. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Күнәнің салдары
ҚАЙТАЛУ	Негізгі аятта Иса: «Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды», - деді. Адамдар Құдайға ұнау үшін қандай амалдарды қолданады? Негізгі аятты пайдаланып, бетбелгі немесе ашық хат жасау.	Осы сабақтан Құдайдың мінезі туралы не үйренеміз? Сабақты Римдіктерге 5-тарау 12-аятпен байланыстырыңыз. Балалардан бүгінгі қоғамда Құдайдың бұйрықтарына мойынсұнбаудың мысалдары туралы ойлануын сұраңыз. Бұл бізге және басқа адамдарға қалай әсер етеді?

ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Киелі кітап мәсіхшілердің өміріне арналған Құдайдың нұсқаулықтары бар екенін мәлімдейді. Мәсіхшілер Құдайдың Сөзіне қалай қарауы керек? Құдайдың жолымен жүрмеуге қандай сылтаулар бар?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Адам ата мен Хауа ана мойынсұнбағаннан кейін де Құдай оларға рақымдылығын көрсетті. Мәсіхшілер Құдайдың рақымына қалай жауап беруі қажет?
3-4 деңгей	A2. 3- ДЕҢГЕЙ 1-сабақ. Нұх және топан су Тақырып: Кемеңіз жасалуы	A2 – 4-ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Қабыл мен Әбіл Тақырып: Құдайға құлшылық ету
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 6:5-22 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 6:6 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап Құдайдың қасиетті екенін үйретеді. Адамдардың күнәсі Құдайдың жүрегін ауыртады. 2. Құдай Нұхты құтқаруға шешім қабылдады. Құдай Нұхты, оның жанұясын мен әрбір жануарды, құстарды жұп-жұбымен аман алып қалу үшін үлкен кеме жасауды бұйырды. 3. Нұх барлығын да Құдайдың өзіне бұйырғанындай істеді. Нұх Құдайға сенді және Оған мойынсұнды.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жарат.баст. 4:1-16 Негізгі аят: Еврейлерге 11:4 Біздің үйренетініміз: 1. Әбіл Құдайға Құдай қалаған жолмен келді. Құдай Әбілдің тартуын қабылдады. 2. Қабыл Құдайға өз жолымен келді. Құдай оның тартуын қабылдамады.
ТАНЫСТЫРУ	Топқа бір үлгі құруға арналған нұсқаулар жинағын немесе торт пісіруге арналған рецепт көрсетіңіз. Бір нәрсені жасағанда нұсқаулықты дәлме-дәл орындаудың маңызды екені жайында сөйлесіңіз. Құдайдың Нұхқа нақты нұсқаулықтар бергенін және Нұхтың сол нұсқаулықтарды дәлме-дәл орындағанын түсіндіріңіз.	Бізден нұсқаулықты орындауымызды талап ететін әр түрлі жағдайлардың тізімін жасаңыз. Мысалы, ойыншық жасау, пульттің батарейкасын ауыстыру, рецепт бойынша пісіру. Біз оларды елемесек не болады?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Жер бетіндегі адамдар зұлым адамдарға айналды. Олардың күнәкар болмыстары мен мойынсұнбауларына қарап, Құдай қайғырды. 2. Құдай Өзі жаратқан адамдар мен жануарларды құртуға шешім қабылдады. 3. Ал Нұх өзгеше адам болатын. Ол Құдайға ұнамды болды. Оның басқалардан ерекшелігі Құдайды жақсы көруі әрі Оған мойынсұнуы еді. 4. Құдай күллі тіршілік иелерінің жер бетін қатыгездікпен толтырғандықтан, оларды топан су жіберіп құртатынын Нұхқа ескертті. 5. Құдай Нұхқа нақты нұсқаулықтар берді. Ол Нұхқа өзінің жанұясын және жануарлардың әр түрінен жұп-жұбымен аман алып қалу үшін үлкен кемеңіз қалай тұрғызу керектігін нақтылап айтты. 6. Нұх Құдайға сеніп, Оның нұсқауларын дәлме-дәл орындады. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кеме тұрғызу	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Адам ата мен Хауа ананың екі ұлы болды. Әбіл мал бағушы, ал Қабыл егінші болды. 2. Құдай Әбілдің құрбандығын қабылдады. Ол малының ең жақсы алғашқы төлдерін құрбандыққа шалды. Ал Қабыл жерден жинап алған өнімінен тарту ұсынды. Құдай Қабылдың құрбандығын қабылдамады. Бұған Қабыл қатты ашуланды. 3. Құдай Қабылға күнә туралы және Құдайдың дұрыс жолымен жүрудің маңыздылығы туралы ескертті. Қабыл көшірім сұрамады және Құдайдың тілін алмады. 4. Қабыл өзінің інісі Әбілді өлтірді. Құдай оны егіндік жерден қуып жіберді. Ол Құдайдың көз алдынан кетіп, тұрағы жоқ кезбеге айналды. 5. Әбіл Құдайға құрбандыққа тоқтыны шалуы керек екенін түсінді. Қабыл Құдайдың алдына Оның жолымен келмеді. Сол себепті жазаға ілікті. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз – Құдайға құлшылық ету – Қабыл мен Әбіл

ҚАЙТАЛАУ	Осы сабақтан Нұх пен оның жанұясы, Құдайдың Нұхқа берген нұсқаулары туралы үйренгенімізге негізделіп жасалған сөзжұмбақ сұрақтары арқылы әңгімені қайталаңыз. Нұхтың маңайындағы адамдардың ерекшеленіп, олардың мазағына, төмендетуіне тезудің оған қандай қиын болғанын талқылаңыздар.	Негізгі аятты - Еврейлерге 11:4 оқыңыз. Осы аят Қабыл мен Әбілдің айырмашылығын қалай қорытындылайды?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Нұх Құдайға сенім артып, барлығын Құдайдың өзіне бұйырғанындай жасады. Бүгінгі күні Құдай Өзінің соңынан ерушілерден не істегенін сұрауы мүмкін? Сонда олар қалай жауап берулері қажет?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Құдай Қабылдың күнәкар қылығына қарсы шыққанда, ол ашуланып кетті. Осы ашу інісінің өліміне алып келді. Мәсіхшілердің өз реакцияларына/әрекетіне абай болуы қаншалықты маңызды?

3-4 ДЕҢГЕЙ	А2. 3-ДЕҢГЕЙ 2-сабақ. Нұх және топан су Тақырып: Кемеге кіру	А2. 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Енох пен Нұх Тақырып: Құдайға жақын болу
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 7:1-20 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 7:5 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Нұх пен оның жанұясына аман қалудың жолын көрсетті. 2. Нұх Құдайға сенді және Оның бұйырғандарын дәлме-дәл орындады.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 5:21-32, 6:1-15 Негізгі аят: Еврейлерге 11:5-6 Біздің үйренетініміз: 1. Енох пен оның шөбересі Нұх Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болды. 2. Бұл екі адам Құдаймен тұрғызған қарым-қатынастарының арқасында басқалардан ерекше еді.
ТАНЫСТЫРУ	Өз жанұяңмен немесе достарыңмен саяхатқа шығып көрдің бе? Сол саяхатқа қалай дайындалдың?	Киелі кітап біздің Құдаймен қарым-қатынасымыздың көпшіліктің арасынан ерекше болып көрінуіміздің тиіс екенін үйретеді. Құдайдың соңынан ермейтін адамдардан мәсіхшілер өздерінің ерекше екендіктерін қалай көрсете алады?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімемен таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Нұхқа жеті күннен кейін топан су жіберетінін ескертті. 2. Құдай жануарлардың аман қалуы үшін, Нұхқа оларды кемеге кіргізуін бұйырды. 3. Сол күні, яғни, 2-ші айдың 17-ші күні 600 жастағы Нұх өзінің жанұясын және жануарларды алып, Құдай өзіне бұйырғандай кемеге кірді. Құдайдың айтқанындай топан су жеті күннен кейін басталды. 4. Құдай уақыттың келгенін білдіріп, кемеңің есігін жапты. Кемеңің сыртында қалғандар үшін енді тым кеш болды. 5. Жаңбыр 40 күн бойы жауды, ең биік таулардың басынан 7 метрге дейін көтерілді. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кемеге кіру.	Киелі кітаптағы әңгімемен таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Енох Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрып, 365 жыл өмір сүрді. 2. Киелі кітапта Енохтың өлімі басқа адамдардан бөлек екені жазылған. Өмірінің соңында ол жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіне алып кетті. 3. Нұх Енохтың шөбересі болатын. Енох сияқты Нұх та Құдаймен тығыз қарым-қатынаста тұрып, маңайындағы зұлым адамдарға ұқсамай, керісінше, әділ адам болды. 4. Нұхтың заманында өмір сүрген адамдардың күнәлары Құдайдың жүрегін қайғыға батырды. Құдай оларды топан су арқылы жазаламақ болды. Ал Нұхты аман алып қалды. 5. Нұх пен оның жанұясын топан судан аман алып қалу үшін, Құдай оған кеме тұрғызуды бұйырды. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайға жақын болу. Енох пен Нұх
ҚАЙТАЛАУ	Шығармашылықпен айналысып көр. Су бетінде қалқып жүрген кемедегі Нұх пен оның жанұясының және жануарлардың суретін сал. Суретке «Құдай құтқарды» деген тақырып қой.	Енох пен Нұх қандай адамдар болды? Оларды басқа адамдардан не ерекшеледі?
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Аман қалу үшін Нұх Құдайдың нұсқауын орындады. Біреу мәсіхшіліктің жолы тек ережелерден тұрады деп айыптайтын болса, мәсіхшілер бұған қалай жауап берулері керек?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Енох пен Нұхты басқа адамдардан ерекше еткен қасиеттердің тізімін қайтадан қарап шығыңыз. Матай 5:13-16 аяттарды оқып, бүгінгі мәсіхшілер қандай ерекше қасиеттерге ие болу керектігін талқылаңыз.

3-4 деңгей	A2. 3-ДЕҢГЕЙ 3-Сабақ. Нұх және топан су Тақырып: Кемеде болып құтқарылу	A2. 4-деңгей 3-талдау. Нұх және топан су Тақырып: Құдайға жұмыс істеу
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жарат.баст. 8:1-22 Негізгі аят: Жарат.баст. 8:1 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай кемедегі Нұхты, оның жанұясы мен жануарларды қамқорына алды әрі оларды ұмытқан жоқ. 2. Нұх өзін аман алып қалған Құдайға риза болды.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жарат.баст. 6:14-22; Жарат.баст. 7:1-24 Негізгі аят: Еврейлерге 11:7 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Нұхқа кемені қалай тұрғызуы керектігі туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар берді. 2. Нұх Құдайдың нұсқауларына мойынсұнып, апаттан аман қалды.
ТАНЫСТЫРУ	Отбасының, достарының, мұғалімдерінің, үлкендердің саған қалай қамқорлық көрсететін тізіп жаз. Сен оларға ризашылығыңды қалай білдіре аласың?	Ұшақтағы, кемедегі қауіпсіздік ережелері туралы топпен талқылаңыз. Адамдар сол ережелерді байыппен орындайды ма? Неге? Неге орындамайды? Нұхтың Құдай берген нұсқаулардың бәрін орындауы неліктен өте маңызды болды?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай кемеде болған Нұхты, оның жанұясын және жануарларды ұмытқан жоқ. Ол жер бетінде жел тұрғызып, су тартыла бастады. 2. 150 күннен кейін (барлығы бес ай) үлкен кеме Арарат тауларының үстіне тоқтады. Тағы екі жарым айдан кейін су үздіксіз азайып, басқа таулардың шыңдары көріне бастады. 3. 40 күн өткенде Нұх кеменің терезесін ашып, қара қарғаны сыртқа ұшырып жіберді. Ол келіп-кетіп ұшып жүрді. Одан кейін көгершінді ұшырды. Көгершін қонақтауға орын таппай, кемеге қайта оралды. 7 күннен кейін Нұх көгершінді тағы да сыртқа ұшырып жіберді. Бұл жолы ол қайтып оралғанда, зәйтүн ағашының жапырағын ала келді. Осылайша Нұх жер бетіндегі судың қайтқанын білді. Содан кейін бір көгершінді қайтадан 7 күннен кейін сыртқа ұшырып жібергенде, көгершін қайтып оралмады. 4. Ақырында, топан судан кейін он екі жарым ай өткенде жер беті қайтадан құрғақ болды! 5. Құдай Нұхқа жанұясымен және жануарлармен бірге кемеден шығуларын бұйырды. 6. Нұх өте риза болды. Ол құрбандық ұсынатын орын жасап, Құдайға арнап құрбандық шалып, өртеп жіберді. 7. Құдай Нұхтың құрбандығына риза болды. Ол бұдан былай ешқашан тіршілік атаулыны құртпайтынын уәде етті. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кемеде болып құтқарылды	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Нұхқа үлкен кемені қалай жасауы керектігін және Өзі жіберетін топан суға дайындалуы жайында егжей-тегжейлі нұсқаулар берді. 2. Құдай Нұхқа топан судың болатыны туралы нақтылап ескертті. 3. Құдай Нұхты, оның отбасын және жануарларды құтқаруға уәде етті. 4. Құдай жануарларды аман сақтап қалу туралы да егжей-тегжейлі нұсқаулар берді. Нұх, оның отбасы және жануарлар кемеге кіргенде, Құдай оларды кеменің ішіне жауып қойды. 5. Топан су 40 күнге созылды және кеменің сыртында қалған тіршілік иелерінің бәрі қатты жаңбырдың астында қалып, құрып кетті. Тек Нұх пен оның отбасы кемедегі жануарлармен бірге аман қалды. Құдай олардың бәрін топан судың үстінде қалықтатып, аман алып қалды. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайға жұмыс істеу. Нұх және топан су
ҚАЙТАЛУ	Мәсіхшілердің Құдайға не үшін алғыс айта алатындары туралы постер жасау.	Осы әңгімеден біз Нұхтан және Құдайдан қандай қасиеттерді үйрене аламыз? Олардың әрқайсысын сипаттайтын сөздердің тізімін жаса.
ӨМІРГЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Құдай Нұхты құтқарып, оны қамқорлығына алды. Нұх Құдайға риза болды. Бүгінгі күні мәсіхшілер Құдайға ризашылықтарын қалай көрсете алады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз. Негізгі аятты оқы. Нұх «Құдайды терең қастерлеп», кемені жасап дайындады» деген нені білдіреді? Осы аятты түсінген мәсіхші Құдайдың нұсқауларына қалай жауап беруі керек?

3-4 ДЕҢГЕЙ	A2. 3-ДЕҢГЕЙ 4-сабақ. Нұх және топан су Тақырып: Кемеден шығу	A2. 4-ДЕҢГЕЙ 4-талдау. Нұх пен оның жанұясы Тақырып: Құдайға құлшылық ету
	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: <i>Жаратылыстың басталуы 9:7-17</i> Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 9:15 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Нұхпен келісім уәдесін жасады. Ол ендігәрі жер бетіндегі тіршілік иелерін топан сумен құртпайтыны туралы уәде берді. 2. Өз уәдесін еске түсіру үшін Құдай бұлтқа кемпірқосақ орнатты.	Киелі кітаптың басты назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 8:1-22; 9:11-16 Негізгі аят: Ефестіктерге 2:8 Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Нұхты, оның жанұясын және жануарларды кемеге кіргізіп, аман алып қалды. 2. Кемеден шыққаннан кейін, әлі еш нәрсе істемей тұрып, Нұх ең алдымен Құдайға құлшылық етіп, ризашылығын білдірді. 3. Құдай енді жер бетінің тұрғындарын топан сумен
ТАНЫСТЫРУ	Адамдардың беретін әр түрлі уәделері туралы жұппен талқылау. Адамдар өз уәделерін әрдайым орындай ма?	Алғыс хаттар мен сыйлықтар жөнінде жұппен талқылау. Адамдар неліктен алғыс хаттар жібереді? Сен сондай хатты жазып көрдің бе? Неге?
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Нұх пен оның жанұясына өсіп-өніп, жер бетін толтыруын бұйырды. 2. Құдай Нұхпен, оның ұлдарымен, жануарлармен және жер бетіндегі барлық тіршілік иелерімен Келісім деп аталатын ерекше уәде жасады. 3. Құдай жерді және ондағы тіршілік иелерін топан сумен енді ешқашан құртпайтыны туралы уәде етті. 4. Өзінің мәңгілік Келісімін еске түсіру үшін Құдай бұлтқа кемпірқосақ орнатты. Бұл мәңгілікке жалғасатын болады. Құдай Өзінің уәдесін ешқашан бұзбайды. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Кемеден шығу.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Құдай Құдай Нұхқа үлкен кемені жасау туралы және Өзі жібермек топан суға дайындалу жайында егжей-тегжейлі нұсқаулар берді. 2. Құдай Нұхты, оның отбасын және жануарларды құтқаруға уәде етті. 3. Топан су келіп, 40 күнге созылды. Тек Нұх пен оның жанұясы кемедегі жануарлармен бірге аман қалды. 4. Топан су аяқталып, су біртіндеп азая бастады. Кеме Арарат тауларының үстіне келіп тоқтады. 5. 40 күннен кейін Нұх қара қарғаны кемеден сыртқа ұшырып жіберді. Ол жердегі су тартылғанша келіп кетіп ұшып жүрді. Содан кейін ол көгершінді ұшырып жіберді. Ол қонақтауға орын таппай, кемеге қайта оралды, бірақ жеті күннен кейін Нұх оны тағы да ұшырып жіберді. Бұл жолы ол зәйтүн ағашының жапырағын ала келді. Келесі рет Нұх оны ұшырғанда, көгершін қайтып оралмады. Жер беті құрғап келе жатты. 6. Құдай Нұх пен оның жанұясына кемеден шығып, өсіп-өніп көбейіп, жер бетін толтыруын бұйырды. 7. Кемеден шыққан кезде Нұх алдымен Құдайға ризашылық құрбандығын шалды. 8. Құдай Нұхпен, оның ұлдарымен, жануарлармен және жер бетіндегі барлық тіршілік иелерімен Келісім деп аталатын ерекше уәде жасады. 9. Құдай жерді және ондағы тіршілік иелерін топан сумен енді ешқашан құртпайтыны туралы уәде етті. 10. Өзінің мәңгілік Келісімін еске түсіру үшін Құдай бұлтқа кемпірқосақ орнатты. Бұл мәңгілікке жалғасатын болады. Құдай Өзінің уәдесін ешқашан бұзбайды. Негізгі аятты түсіндіріңіз және оқушылардың оны жаттауына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін көріңіз. Құдайға құлшылық ету. Нұх пен оның жанұясы.
ҚАЙТАЛУ	Шығармашылықпен айналысып көріңіз. Кемпірқосақтың постерін жасаңыз. Оның тақырыбын: "Құдай Өз уәдесіне мәңгілік берік!" - деп жазыңыз.	Кіші топта талқылап, кейін бүкіл топқа кері байланыс жасаңыз. Бұл сабақ бізге құлшылық ету туралы нені үйретеді? Нұх Құдайға қалай құлшылық еткенін ойлаңыз. Бүгінгі таңда мәсіхшілер Құдайға қалай құлшылық етеді?

**ӨМІРГЕ
ҚОЛДАНУ**

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай
шақыру тастайды? Талқылаңыз.**

Құдайдың Нұхқа берген уәдесі мәңгілік еді. Киелі кітап бізге Құдайдың Өз уәдесіне мәңгілік берік екенін үйретеді. Бұл мәсіхшілердің өмірге деген көзқарасына қалай әсер етуі керек?

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру
тастайды? Талқылаңыз.**

Нұх Құдайға риза болды. Біздің өмірімізге берген Құдайдың жарылқаулары үшін біз практика жүзінде Құдайға ризашылығымызды қалай көрсете аламыз?

А Қосымшасы - 0 мен 1 ДЕҢГЕЙ Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
A1	Жаратылыс	Құдай әлемді жаратты https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-creation/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-creation-days/ Құдай жануарларды және адамды жаратты https://www.freebibleimages.org/illustrations/dm-creation/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-creation-days/ Алғашқы еркек пен әйел https://www.freebibleimages.org/illustrations/fl-adam-eve/ Құдайдың жаратқан әлемі бұзылды https://www.freebibleimages.org/illustrations/fl-adam-eve/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-fall/
A2	Нұх	Нұх Құдайға мойынсұнды https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-noah-ark/ Кемеде қауіпсіз жерде https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-noah-ark/ Жаңа бастама https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-noah-ark/ Құдайдың уәдесі https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-noah-ark/

А Қосымшасы – 2-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
A1	Жаратылыс	Құдай әлемді жаратты https://www.freebibleimages.org/illustrations/creation/ Құдай жануарларды және адамды жаратты https://www.freebibleimages.org/illustrations/dm-creation/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/lis-creation-days/ Алғашқы еркек пен әйел https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-fall/ Құдайдың жаратқан әлемі бұзылды https://www.freebibleimages.org/illustrations/adam-eve-fall/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-fall/
A2	Нұх	Нұх Құдайға мойынсұнды https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-noah-2/ Кемеде қауіпсіз жерде https://www.freebibleimages.org/illustrations/bpa-noah/ Жаңа бастама https://www.freebibleimages.org/illustrations/bpa-noah/ Құдайдың уәдесі https://www.freebibleimages.org/illustrations/bpa-noah/

В қосымшасы – 3-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
A1	Әуел баста	Құдай әлемді жаратты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-creation/
		Құдай адамды жаратты
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/creation/
		Бәрі бүлінді!
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/adam-eve-fall/
		Құдайдың қалаған жолымен әрекет ету
A2	Нұх және топан су	https://www.freebibleimages.org/illustrations/cain-abel/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-001-word-flesh/
		Кеменің тұрғызылуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-noah-2/
		Кемеге кіру
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-noah/
		Кемеде болып құтқарылу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/noah-ark/
		Кемеден шығу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/noah-ark/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-noah-3/

С қосымшасы – 4-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырыбы	Әңгіменің суреттері
A1	Жаратылыс және күнәға бату	Әуел баста
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-creation/
		Аяқталды
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/creation/
		Әлемге күнә кірді
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/creation/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-fall/
A2	Ерте кездегі дамулар	Күнәнің нәтижесі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/adam-eve-fall/
		Құдайға құлшылық ету – Қабыл мен Әбіл
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/cain-abel/
		Құдайға жақын болу – Енох және Нұх
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/fn-lamech/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/noah-ark/
		Құдайға жұмыс істеу – Нұх және топан су
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-noah/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/bs-noah-ark/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/moody-noah-flood/
		Құдайға құлшылық ету – Нұх пен оның жанұясы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-noah/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jvh-noah/



© Bible Educational Services 2022

www.besweb.com